Силлабус

«МӘМС және медициналық құқық» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы

6В10103 «Стоматология» білім беру бағдарламасы

1.	**Пән туралы жалпы мағлұмат**		
1.1	Пән коды: MAMSMQ 5301	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пәннің атауы: «МӘМС және медициналық құқық»	1.7	Курс: 5
1.3	Реквизитке дейінгі: ортодонтия пропедевтикасы, стоматологиядағы инфекциялық бақылау	1.8	Семестр: 9
1.4	Реквизиттен кейінгі: клиникалық ортопедиялық стоматология-2, дентальды имплантология	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 5
1.5	Цикл: БП	1.10	Компонент: ТК
2.	**Пәннің мазмұны (50 сөзден көп емес)**		
МӘМС енгізудің негізгі алғышарттары мен принциптері. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесі. МӘМС жүйесін қаржыландыру көздері. МСАК деңгейінде білікті көмек көрсету кезінде денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін реттейтін заңнамалық құжаттар. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғаудың құқықтық негіздері. Денсаулық сақтау саласындағы дәрігердің құқықтары, азаматтардың құқықтары, жекелеген топтар мен пациенттердің құқықтары.			
3.	**Жиынтық бағалау нысаны**		
3.1	Тестілеу ✓	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	ОҚКЕ/ ОҚТЕ немесе тәжірибелік дағдыларды қабылдау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	**Пәннің мақсаты**		
Білім алушылардың медициналық сақтандыру аясында денсаулық сақтау жүйесінде тиімді жұмыс істеуге қажетті дағдылар мен машықтарды қалыптастыру. Медициналық сақтандыру заңының талаптарына сәйкес емдеу-профилактикалық мекемелердің жұмысын білім алушыларға түсіндіру.			
5.	**Пәнді оқытудың соңғы нәтижелері**		
ОН1	Алған білімін медициналық сақтандыру аясында науқастарға медициналық көмек көрсету шараларын жоспарлауын, ұйымдастыруын түсіну.		

ОН2	МӘМС жағдайында денсаулық сақтау саласын жетілдіру мен дамыту жолдарын көрсете алу және тәжірибеде қолдану.				
ОН3	Медициналық сақтандыру жағдайында ақпараттық жүйе мен электронды ақпараттық жұмыстардың принциптерін пайымдау.				
ОН4	Ғылыми қағидаларды, әдістерді және білімін қоғамдық денсаулықты қорғауға қолдануды біледі.				
5.1	Пәннің ОН	**Пәннің ОН-мен байланысты ББ оқыту нәтижелері**			
	ОН1 ОН2	ОН2 Медициналық этика және деонтология принциптерін сақтайды, әріптестерімен, медбикелермен және кіші персоналмен, пациенттермен және олардың туыстарымен үш тілде қарым-қатынаста дәрігерлік қызметтің этикалық деонтологиялық аспектілерін және әртүрлі жастағы пациенттер үшін психологиялық-педагогикалық наным әдістерін іске асыруға дайын.			
	ОН4	ОН4 Өзінің кәсіби қызметінде менеджмент пен маркетингтің қазіргі заманғы технологияларын пайдаланады, өз жұмысының сапасы мен тиімділігін талдауды жүзеге асырады. Стоматологиялық қызметті ұйымдастыру бойынша кәсіпкерлік дағдыларды көрсетеді. МӘМС жағдайында жұмыс істей алады.			
	ОН3	ОН8 Медициналық практикада және зерттеуде ғылыми принциптерді, әдістер мен білімді қолданады. Үздіксіз білім алу мен дамуға қабілетті.			
6.	**Пән туралы толық ақпарат**				
6.1	Кафедраның орналасқан жері: Шымкент қаласы, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы (ОҚМА) АҚ, Әл-Фараби алаңы 3, №4 оқу ғимараты, 2-і қабат, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы, эл.мекен-жайы: skmasmsoz@gmail.com.				
6.2	Сағат саны: 150	Дәріс	Тәжір. сабақ	БӨЖ	ОБӨЖ
		10	40	85	15
7.	**Оқытушылар туралы мәліметтер**				
№	ПОҚ-ның тегі, аты-жөні	Дәрежесі және лауазымы	Электрондық мекен-жайы		
1.	Қабылбекова Диана Қайратовна	аға оқытушы, магистр	diana06.10.90@mail.ru		
2.	Мүсірепова Забира Джайлаубаевна	аға оқытушы, магистр	zmusirepova73@mail.ru		
3.	Курбанова Қарлығаш Тастанбекова	оқытушы, магистр	karlygash_00@mail.ru		
8.	**Тақырыптық жоспар**				

Апта/ күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқытудың әдістері/ технологиялары	Бағалау түрлері/ әдістері
1-күн	Дәріс. МС түрлері. МӘМС туралы ҚР міндетті медициналық сақтандыру заңы	Медициналық сақтандыру түсінігі, түрлері. Қазақстан Республикасының МӘМС туралы заңы.	ОН1	1	Кіріспе	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Әлемнің дамыған елдерінде МС қалыптастыру тәжірибесі.	Әлемнің дамыған елдеріндегі денсаулық сақтау модельдері. Халықаралық тәжірибе.	ОН1	3	Кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару
	ОБӨЖ/БӨЖ. МӘМС халықаралық тәжірибе. **БӨЖ тапсырмасы:** Медициналық сақтандыру түрлерін зерттеңіз. Әртүрлі елдердегі денсаулық сақтаудың даму ерекшеліктерін талдау. Дамыған елдердегі медициналық сақтандыру жүйесімен жұмыс тәжірибесін түсіндіру.	Әлемнің дамыған елдеріндегі сақтандыру ерекшеліктері.	ОН1	1/6	Презентация, тест тапсырмаларын дайындау	БӨЖ-ге арналған чек парағы
2-күн	Дәріс. ӘМС енгізудің алғышарттары, мақсаттары. Ғаламдық денсаулық сақтау үлгілері.	Денсаулық сақтау жүйесіндегі қазіргі кездегі өзекті мәселелер. ӘМС негізгі қағидалары. Денсаулық сақтау жүйесіндегі 3 үлгі.	ОН1	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. МС қағидаттары. Әлемдегі денсаулық сақтаудың үлгілері: артықшылығы мен кемшіліктері.	Әмбебаптық, әлеуметтік әділдік, ынтымақтастық. Мемлекеттік - әлеуметтік	ОН1	3	Кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару

		бағыттылығы, қол жеткізу теңдігі.				
	ОБӨЖ/БӨЖ. МӘМС жүйесінде статусты Онлайн анықтау. **БӨЖ тапсырмасы:** Міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі жағдайды тексеру әдістерін атаңыз. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде қосымша ақпарат алу көздерін талдаңыз.	Qoldau 24/7, SaqtanduruBot, eqov.kz. мобильді қосымшалар мен ӘМСҚ ресми сайты	ОН2	1/6	Презентация, тест тапсырмаларын дайындау	БӨЖ-ге арналған чек парағы
3-күн	Дәріс.МӘМС жағдайында қаржыландыру көздері. ӘМСҚоры.	Жарна төлеушілер: мемлекет, жұмыс беруші, жұмысшылар, жеке кәсіпкерлер. Сақтандыру қорының құқықтары мен міндеттері, қызметі.	ОН1	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Сақтандыру жүйесін қаржыландыру: тарифтік саясат.	МӘМС мемлекет жарналары. Жұмыс берушілердің МӘМС аударымдары. Қызметкерлердің МӘМС жарналары.	ОН1	4	Case-study	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару
	ОБӨЖ/БӨЖ. Медициналық сақтандыру қорының қызметі. **БӨЖ тапсырмасы:** Қордың инвестициялық қызметі туралы біліңіз. Бухгалтерлік есеп пен есептілікті талдау. Қордың аудитінің негізгі мақсатын зерттеу.	МӘМС қаражатын қалыптастыру. МӘМС жүйесіндегі басқа қатысушылармен өзара әрекеттесуі.	ОН1	1/6	Презентация, тест тапсырмаларын дайындау	БӨЖ-ге арналған чек парағы
4-күн	Дәріс.ӘМС көрсетілетін қызметтер пакеті. ӘМС аясында көрсетілетін қызметтерді сатып алудың ерекшеліктері.	ҚР барлық азаматтарына және тек сақтандырылған азаматтарға	ОН2	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары

		көрсетілетін медициналық қызмет түрлері. Медициналық қызметтерді сатып алудың ерекшеліктері				
	Тәжірибелік сабақ. Сақтандыру қорының қызметі, құқықтары мен міндеттері.	МС Қоры стратегиялық өнім ретінде ӘМСҚ қызметі. Қор басшысына қойылатын талаптар.	ОН2	3	Кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару
	ОБӨЖ/БӨЖ. МӘМС жүйесіндегі оңалту көмегі. **БӨЖ тапсырмасы:** Медициналық реабилитацияның көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін зерттеу. Медициналық реабилитация кезеңдерін талдаңыз. Коронавирустан кейінгі оңалту ұзақтығын түсіндіріңіз. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық оңалтуды қаржыландыру туралы біліңіз.	Медициналық оңалтуға көрсеткіш және қарсы көрсеткіш. Медициналық оңалтудың кезеңдері. Медициналық оңалтуды көрсететін мекемелер.	ОН2	2/6	Презентация, тест тапсырмаларын дайындау	БӨЖ-ге арналған чек парағы
5-күн	Дәріс. Медициналық қызметке ақы төлеудің жаңа нұсқасы.	Көрсетілген медициналық қызметтің соңғы нәтижесіне байланысты ақы төлеудің жаңа нұсқасы.	ОН2	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек түрлері. Медициналық қызметтерді сатып алу тәртібі.	Медициналық көмек түрлері, оларға қойылатын талаптар. Қызмет берушіні таңдаудың екі кезеңі және өлшемшарты. МС жүйесінде	ОН2	3	Case-study	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару

		медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алу кезінде денсаулық сақтау мекемелеріне қойылатын талаптар.				
	ОБӨЖ/БӨЖ. МӘМС енгізудегі жеке медицинаны дамыту. **БӨЖ тапсырмасы:** Қазақстан Республикасындағы жекеменшік медицинаның даму кезеңдерін зерттеу. Жеке медицинаның барлық жақсы және жаман жақтарын түсіндіріңіз.	Қазақстандағы коммерциялық медицина: жағдайы және даму перспективасы.	ОН1	1/6	Презентация, тест тапсырмаларын дайындау	БӨЖ-ге арналған чек парағы
6-күн	Дәріс. МӘМС шеңберінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету. Медициналық қызметтер-дің сапасын бағалау.	МӘМС барысында амбулаториялық және стационарлық жағдайда дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету ерекшеліктері. Халықтың денсаулығын қорғау және көрсетілген медициналық қызмет сапасын бағалаудағы қоғамдық ұйымдар мен БАҚ ролі.	ОН3	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Амбулаториялық және стационарлық жағдайда дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету ерекшеліктері.МС жағдайында медициналық көмек сапасын бағалау тәртібі.	Дәрілік қамтамасыз ету: сапа, тізбелер және пакеттер. Сапа жөніндегі бірлескен комиссияның жұмысы. Сапаны	ОН3	4	Кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару бағалау

		басқару саласындағы функцияларды қайта бөлу, оның ішінде ҮЕҰ-дың қатысуын кеңейту мәселелері.				
	ОБӨЖ/БӨЖ. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға медициналық көмек көрсету тәртібі. **БӨЖ тапсырмасы:** Денсаулық сақтау саласындағы шетел азаматтарының құқықтарын зерделеу; Шетелдік азаматтарға медициналық көмектің барлық түрлерін зерделеу; Шетелдіктерге тегін медициналық қызмет көрсету көлемін хабарлаңыз. **1-аралық бақылау**	Шетел азаматтарының Денсаулықты қорғау аясындағы құқықтары. Шетелдіктерге тегін медициналық қызметтің көлемі.Шетел азаматтарына көрсетілетін медициналық көмек түрлері.	ОН3	1/6	Презентация, тест тапсырмаларын дайындау **тестілеу, жағдайлық есептерді шешу**	БӨЖ-ге арналған чек парағы
7-күн	Дәріс. Медициналық құқық түсінігі және жүйесі. Медициналық қызмет саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу әдісі.	Құқықтық реттеуді жетілдіру. Медициналық құқық әдістері.	ОН4	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Медициналық құқық пәні және әдістері. Медициналық құқықтың қайнар көздері.	Медициналық құқықтық қатынас: түсінігі, түрлері. Медициналық құқық көздерінің жіктелуі.	ОН4	3	Case-study	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару
	ОБӨЖ/БӨЖ. Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын жақсарту және	ҚР азаматтарының конституциялық құқықтары	ОН3	1/6	Презентация, тест тапсырмала	БӨЖ-ге арналған чек парағы

	медициналық көмек көрсету мәселелерін құқықтық реттеу. **БӨЖ тапсырмасы:** Халық денсаулығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін оқып үйрену. Қоғамдық денсаулық сақтау ұйымдарын түсіндіру. Азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы қатынастарды мемлекеттік реттеуді талдау.	мен бостандықтарын жүзеге асыру ерекшеліктері			рын дайындау	
8-күн	Дәріс. Медициналық сараптаманың құқықтық негіздері.	Медициналық сараптаманың түрлері. Жүргізу тәртібі.	ОН4	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Медициналық құқықтың объектілері мен субъектілері.	Азаматтар денсаулықты қорғаудағы құқықтық қатынастар субъектісі ретінде.	ОН4	3	Кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару
	ОБӨЖ/БӨЖ. Адами капитал-жаңғырту негіздері. **БӨЖ тапсырмасы:** «Адам капиталы» түсінігіне талдау жасаңыз. Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды жаңғыртудың негізгі стратегиялық бағыттарын зерделеу. Жоғары сапалы адами капиталдың қалыптасуын түсіндіру.	Отандық денсаулық сақтау-халық сақтаудың стратегиялық маңызды саласы ретінде.	ОН4	2/6	Презентация, тест тапсырмаларын дайындау	БӨЖ-ге арналған чек парағы
9-күн	Дәріс. ҚР Денсаулық сақтау және медицина туралы заңнамасы. Денсаулық сақтау саласындағы азаматтардың құқықтары.	Денсаулық сақтау саласының нормативтік-құқықтық базалары. Нормативтік актілер. Пациенттердің	ОН4	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары

		жалпы құқықтары.				
	Тәжірибелік сабақ. Еңбек құқықтық қатынас аясында медициналық қызметкерлердің құқықтары.	Медициналық қызметкерлердің еңбек қатынасын реттеу ерекшеліктері. Еңбек құқықтық қатынастың қорытындысы.	ОН4	4	Кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару
	ОБӨЖ/БӨЖ. Биоэтика және адам құқығы: халықаралық-құқықтық реттеу. **БӨЖ тапсырмасы:** Қазақстандық заңнамаға биоэтика принциптерін енгізу жолдарын зерттеу. Дүниежүзілік тәжірибедегі нормалар мен этиканың арақатынасының проблемалық мәселелерін талдау. Биоэтика және адам құқықтары туралы жалпы декларацияны түсіндіріңіз.	Биоэтика және адам құқықтары туралы жалпы декларация.	ОН4	1/6	Презентация, тест тапсырмаларын дайындау	БӨЖ-ге арналған чек парағы
10-күн	Дәріс. Медициналық алдын алудың құқықтық негіздері. Covid-19 кезінде алдын алу шаралары.	Жұқпалы аурулардың иммунопрофилактикасының құқықтық аспектілері. Профилактикалық егулерді жүргізуге қойылатын талаптар.	ОН4	1	Шолу	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Медициналық көмек көрсетудегі кемшіліктердің құқықтық квалификациясы.	Медициналық оқиға: түсінігі, себебі.Медициналық көмек көрсетудегі кемшіліктер. Қайғылы оқиға.	ОН4	3	Кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару
	ОБӨЖ/БӨЖ. Адам және дәрігердің жауапкершілігі. **БӨЖ тапсырмасы:** Пациент құқықтарын бұзғаны үшін	Дәрігерлік қателіктер үшін әкімшілік және	ОН2	1/6	Презентация, тест тапсырмаларын дайындау	БӨЖ-ге арналған чек парағы

	жауапкершілік түрлерін атаңыз. Қазіргі Қазақстандағы дәрігердің кәсіби жауапкершілігінің ерекшеліктерін зерттеу. Кодексті зерттеңіз: дәрігердің құқықтық және моральдық-этикалық тәртібі.	қылмыстық жауапкершілік.				
11-күн	Тәжірибелік сабақ. Денсаулық сақтаудағы құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік.	Медициналық қызметкерлер мен медициналық мекемелердің жауапкершілік жағдайы мен негізі.Денсаулық сақтаудағы құқық бұзушылықтың негізгі түрлері мен оларға қолданылатын шаралар.	ОН2	3	Кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару
	ОБӨЖ/БӨЖ. Алдын алу егулері: "иә және қарсы". **БӨЖ тапсырмасы:** Вакцинацияның пайдасы туралы біліңіз.Ерікті екпелерге келісімге қол қою ережелерін түсіндіріңіз. Вакцинациядан бас тартудың салдарын айтыңыз. Вакцинация қауіпсіздігі туралы біліңіз.	Екпенің пайдасы.Екпелердің еріктілігі. Егуден бас тартудың салдары. Екпенің қауіпсіздігі. Ұлттық екпе күнтізбесі.	ОН1	1/5	Презентация, тест тапсырмаларын дайындау	БӨЖ-ге арналған чек парағы
12-күн	Тәжірибелік сабақ. Медициналық ұйымдар мен медициналық қызметкерлердің әкімшілік жауапкершілігі: негізі және жүзеге асыру жағдайы.	Денсаулық сақтау саласын басқарудағы атқарушы биліктің, медициналық ұйымдар мен медициналық қызметкерлерді	ОН2	4	Кіші топпен жұмыс	Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару

	ОБӨЖ/БӨЖ. Медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және құқықтық қорғау. **БӨЖ тапсырмасы:** Медицина қызметкерлеріне әлеуметтік кепілдіктерді жариялау. Қосымша жеңілдіктер мен ынталандыру төлемдері туралы біліңіз. Медицина қызметкерлерін жазатайым оқиғалардан сақтандыруды жүзеге асыратын адамның аты-жөні. Медицина қызметкерлерін құқықтық қорғаудың жүзеге асырылуын зерттеу. **2-аралық бақылау**	ң әкімшілік жауапкершілігі Медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау. Кәсіби медициналық бірлестіктер.	ОН1	2/5	Презентация, тест тапсырмаларын дайындау **тестілеу, жағдайлық есептерді шешу**	БӨЖ-ге арналған чек парағы
Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу						**15 сағат**

9.	**Оқыту әдістері және бағалау түрлері**	
9.1	Дәріс	Кіріспе, шолу. Кері байланыс сұрақтары.
9.2	Тәжірибелік сабақ	Кіші топпен жұмыс, case-study. Ауызша сұрау, жағдайлық есептерді шығару
9.3	ОБӨЖ/БӨЖ	Презентация, тест тапсырмаларын орындау. БӨЖ-ге арналған чек парағы.
9.4	Аралық бақылау	Тестілеу, жағдайлық есептерді шешу
10.	**Бағалау критерийлері**	
10.1	**Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері**	

Білім беру нәтижелерінің атауы	**Қанағаттанарлықсыз**	**Қанағаттанарлық**	**Жақсы**	**Өте жақсы**
ОН1. Алған	1.Сақтандыру қызметінің	1. Сақтандыру қызметінің негізгі	1.МС шеңберінде науқастарға	1.МС шеңберінде науқастарға

білімін медициналық сақтандыру аясында науқастарға медициналық көмек көрсету шараларын жоспарлауға, ұйымдастыруға қолдана алады.	негізгі терминдері мен ұғымдарын білмейді. 2.Көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін бағалай алмайды. 3.Халықтың медициналық көмекке деген қажеттілігін болжай және жоспарлай алмайды.	терминдері мен ұғымдарын қолдана алады. 2.Көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін жалпы бағалауды сипаттайды. 3.Халықтың медициналық көмекке деген қажеттілігін айта алады.	медициналық көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру теорияларын меңгерген. 2.Көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін бағалауға құзыретті тәсілді көрсетеді. 3. Халықтың медициналық көмекке қажеттілігін болжайды және жоспарлайды.	медициналық көмек көрсету бойынша іс-шараларды жоспарлайды және ұйымдастырады. 2. Көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін бағалауды талдайды. 3.Халықтың медициналық көмекке деген қажеттілігін оны қанағаттандырудың тиімді жолдарын анықтай отырып болжайды және жоспарлайды.
ОН2. МӘМС жағдайында денсаулық сақтау саласын жетілдіру мен дамыту жолдарын көрсете алады.	1.Қойылған мақсат шеңберіндегі міндеттер шеңберін анықтай алмайды және оларды шешудің оңтайлы тәсілдерін таңдай алмайды. 2.ММС жүйесіндегі Денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру мен дамытудың негізгі үрдістерін білмейді.	1.Қойылған мақсат шеңберіндегі міндеттер шеңберін айта алады және оларды шешудің оңтайлы тәсілдерін таңдай алады. 2.ММС жүйесіндегі Денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру мен дамытудың негізгі тенденцияларын айтады.	1. Қойылған мақсат шеңберіндегі міндеттер шеңберін анықтауға және оларды шешудің оңтайлы тәсілдерін таңдауға қабілетті. 2. ММС жүйесінде денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру және дамыту дәлелдерін тұжырымдай алады.	1.Қойылған мақсат шеңберіндегі міндеттер шеңберін талдайды және оларды шешудің оңтайлы тәсілдерін таңдайды. 2.ММС жүйесіндегі Денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру және дамыту дәлелдерін талдайды.
ОН3.Медициналық сақтандыру жағдайында ақпараттық жүйе мен	1. Ақпараттық технологияларды білмейді. 2.Кәсіби міндеттерді, кәсіби және жеке	1.Ақпараттық технологияларды жетік білмейді. 2. Кәсіби міндеттерді тиімді орындау, кәсіби	1. Ақпараттық технологияларды меңгерген. 2. Кәсіби міндеттерді тиімді орындау, кәсіби және жеке өсу үшін	1.Ақпараттық технологияларды жақсы біледі. 2. Кәсіби міндеттерді тиімді орындау, кәсіби

электронды ақпараттық жұмыстарды қолдана алады.	өсуді тиімді орындау үшін қажетті ақпаратты іздеуге және пайдалануға қабілетсіз.	және жеке өсу үшін қажетті ақпаратты іздеу және пайдалану әлсіз болуы мүмкін.	қажетті ақпаратты іздеуге және пайдалануға қабілетті.	және жеке өсу үшін қажетті ақпаратты іздеуді және пайдалануды өте жақсы жүзеге асыра алады.
ОН4.Ғылыми қағидаларды, әдістерді және білімін қоғамдық денсаулықты қорғауға қолдана алады.	1.Клиникалық практика мен зерттеудегі ғылыми принциптерді, әдістер мен білімді білмейді. 2.Медициналық практикаға жаңа әдістерді енгізе алмайды. 3. Қоғамдық денсаулықты сақтауды жүзеге асыру нормаларын сақтауға қабілетсіз.	1. Клиникалық практика мен зерттеудегі ғылыми принциптерді, әдістер мен білімді айтады. 2. Медициналық практикаға жаңа әдістерді енгізеді. 3. Қоғамдық денсаулықты сақтауды жүзеге асыру нормаларын жариялайды.	1. Клиникалық практика мен зерттеудегі ғылыми принциптерді, әдістер мен білімді біледі. 2. Медициналық практикаға жаңа әдістерді енгізу жолдарын біледі. 3.Қоғамдық денсаулықты сақтауды жүзеге асыру нормаларын біледі.лз	1.Клиникалық практика мен зерттеудегі ғылыми принциптерді, әдістер мен білімді түсіндіреді. 2. Медициналық тәжірибеге жаңа әдістерді енгізе алады. 3. Қоғамдық денсаулықты сақтауды жүзеге асыру нормаларын сақтайды.

10.2 Бағалау әдістері және критерийлері

Тәжірибелік сабаққа арналған тексеру парағы

Бағалау критерийі	Деңгей			
	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз
	90 – 100	70-89	50-69	<50
Ауызша сұрау	35-40	25-34	20-24	< 20
Қарастырылатын тақырып бойынша негізгі терминдер мен анықтамаларды білу.	10-10	8-10	7	<6
Медициналық қызмет көрсетудің негізгі қағидаттарын білу.	10-10	8-10	7	<6
Қарастырылатын тақырыптың болашақ мамандықпен өзара байланысын анықтай білу, нақты практикалық мысалдар келтіре білу.	10-10	8-10	6	<6
Жауап беру кезіндегі қосымша әдеби дерек көздерге сілтемелер, қосымша конспект, медициналық жарияланымдарды талдау	5-10	1-4	0-3	0-2
Есептерді шығару немесе тапсырманы орындау.	27-30	23-26	20-22	< 20
Берілген мәліметтерді талдау.	9-10	8-9	7-8	<7
Нормативтік құжаттармен жұмыс істей білу.	9-10	8-9	7-7	<6

Қорытынды жасай білу.	9-10	7-8	6-7	<6
Тестілеу	28 – 30	22-27	10 – 21	< 10

Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Ауызша сұрау	A (4,0;95-100%)	Сұрақты толық және терең ашады. Материалды өте жақсы біледі және терминологияны сенімді қолданады. Ойларын логикалық және бірізді түрде жеткізеді. Мысалдар келтіреді, талдау және қорытынды жасау қабілеті бар. Оқытушының қосымша сұрақтарына сенімді жауап береді.
	A- (3,67; 90-94%)	Жауабы толық және қисынды. Аздаған дәлсіздіктер мағынаны өзгертпейді. Тақырыпты терең меңгергенін көрсетеді. Дәлелдері нақты, сөйлеуі сенімді.
	B+ (3,33;85-89%); B (3,0 ;80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33;70-74%).	-Материал жеткілікті толық ашылған. Білімі сенімді, бірақ кейбір бөлшектерде кемшіліктер бар. Нақтылау сұрақтарына жауап бергенде аздаған сенімсіздік болуы мүмкін. -Жауабы дұрыс, бірақ әрдайым терең емес. Кейбір тұжырымдарда ұсақ қателер бар. Мысалдарды қолданады, бірақ кейде орынды емес. -Жауабы жалпы дұрыс, бірақ дәлелдері жеткіліксіз. Тақырыптың кейбір қосымша жақтары ашылмаған. Нақтылау үшін оқытушының көмегін қажет етеді. -Негізгі мазмұны меңгерілген. Жауабы толық емес, бірақ дұрыс. Терминологияны сенімсіз қолданады.
	C 2,0;(65-69%); C-(1,67;60-64%); D+(1,33;55-59%) D (1,0;50-54%).	-Тақырыпты үстірт түсінген. Жауабы жартылай дұрыс, талдау жоқ. Қателер бар, бірақ жалпы мағынасы сақталған. -Жауабында дәлсіздіктер бар, маңызды тұстар жіберілген. Нақтылау сұрақтарына жауап беруде қиналады. -Жауабы толық емес, үзінді түрінде берілген. Көптеген қателер бар. Оқытушының үнемі көмегін қажет етеді. -Тақырыпты білуі шектеулі, көбіне жаттап алған мәтінді қайталайды. Мазмұнның мәнін іс жүзінде түсінбейді.
	FX(0.5;25-49)	Жауабы тақырыптың негізгі мазмұнын ашпайды. Айтарлықтай қателер бар. Жауапта логика мен құрылым жоқ. Тақырыпты жартылай түсінеді.
	F(0;0-24)	Жауабы жоқ немесе мүлдем дұрыс емес. Материал меңгерілмеген. Негізгі ұғымдарды да түсінбеген. Жеңіл бағыттаушы сұрақтарға да жауап бере алмайды.
Бақылау түрі	**Баға**	**Бағалау критерийлері**
Жағдайлық есептерді шешу	A (4,0;95-100%)	Шешім толық дұрыс және логикалық тұрғыда негізделген. Жағдайды, себеп-салдар байланысын және клиникалық ойлауды терең түсінген. Ең тиімді шешім стратегиясы таңдалған. Жауабы нақты, дәлелді және логикаға негізделген.
	A- (3,67; 90-94%)	Шешім негізінен дұрыс, логикалық тізбегі сақталған. Ұсақ дәлсіздіктер қорытындыға әсер етпейді. Мәселенің мәнін түсінген, таңдауын сенімді түрде түсіндіреді.
	B+ (3,33;85-89%); B (3,0 ;80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33;70-74%)	-Шешім дұрыс, талдау бар, бірақ жеткілікті терең емес. Дәлелдеу жартылай толық емес. Мәселенің негізгі қырлары дұрыс анықталған. -Негізгі шешім дұрыс, бірақ кейбір мәліметтер жетіспейді. Логика жартылай бұзылған. Дәлел бар, бірақ баламалы нұсқалар қарастырылмаған. -Шешім жартылай дұрыс, ой қорытындысында қателіктер бар. Барлық кезеңдер логикалық тұрғыда негізделмеген. Түсіндіру үшін оқытушы көмегі қажет. -Мәселені түсінеді, бірақ талдау үстірт. Шешім толық емес. Қателіктер маңызды емес. Жауапты өз бетімен іздеуге талпыныс бар.

	C 2,0;(65-69%); C- (1,67;60-64%); D+(1,33;55-59%) D (1,0;50-54%).	-Шешім жартылай дұрыс. Логика мен дәлелдеуде қателер бар. Таңдалған шешімді түсіндіру жеткіліксіз. Талдау толық емес. -Шешім үстірт және негізсіз. Негізгі талдау кезеңдері жіберілген. Жауап толық емес және сенімсіз берілген. -Шешім негізінен қате. Ой қорытынды жасауға талпыныс бар, бірақ логика бұзылған. Негізгі тұстарда қателіктер бар. -Шешім қате, бірақ жауап беруге әрекет жасалған. Мәселенің мәнін түсінбеген. Логика мен дәлелдеме жоқ.
	FX(0.5;25-49)	Шешім талаптарға сай емес. Мәселені түсіну байқалмайды. Талдау мен дәлелдеу орындалмаған. Қайта тапсыруға рұқсат етіледі.
	F(0;0-24)	Шешім жоқ немесе мүлде қате. Мәселені түсіну де, ой қорыту да жоқ. Материал меңгерілмеген.

ОБӨЖ/БӨЖ-ге арналған тексеру парағы

Бағалау критерийі	90-100	70-89	50-69	<50
БӨЖ тапсыру мерзімі (уақтылы, 1-2 күнге кеш тапсырды, 3күнге кеш тапсырды, 4 күннен артық кеш тапсырды)	25-25	18-24	17-23	<13-16
БӨЖ тапсыру түрі (беттердің/ слайдтардың саны, тест тапсырмаларының саны) силлабустың талаптарына сай.	25-25	18-24	17-23	<13-16
Көрнекілігі (шрифттердің өлшемі мен түрі, графика құралдарын, сурет формаларын, түс ерекшеліктерін және т. б. қолдану).	20-25	17-24	10-16	<9-10
Пайдаланылған әдебиеттер	20-25	17	6-7	<4-5

Бағалау критерийі	Баға	Бағалау критерийлері
Презентация дайындау	A (4,0;95-100%)	Презентация жоғары деңгейде орындалған. Тақырып толық ашылған, материал құрылымды және қисынды түрде берілген. Көрнекі материалдар (слайдтар, сызбалар, графиктер) тиімді қолданылған. Сөйлеу сенімді, сауатты және мәнерлі. Оқытушы мен аудитория сұрақтарына толық әрі дәлелді жауап береді.
	A- (3,67; 90-94%)	Презентация сапалы орындалған, тақырып толық дерлік ашылған. Материал логикалық, бірақ аздаған дәлсіздіктер бар. Баяндамашы тақырыпты жақсы меңгерген және сенімді сөйлейді. Сұрақтарға жалпы дұрыс жауап береді.
	B+ (3,33;85-89%); B (3,0 ;80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33;70-74%).	-Тақырып жеткілікті толық ашылған. Материал жақсы меңгерілген, бірақ барлық егжей-тегжейі қамтылмаған. Презентация қызықты, бірақ кейде жүйелілік жетіспейді. Жауаптар дұрыс, бірақ әрдайым дәлелді емес. - Презентация қанағаттанарлық деңгейде орындалған. Тақырып жартылай ашылған, ұсақ қателер бар. Сөйлеу сенімді, бірақ дәлелдеме аз. Жауаптар қысқа және талдау жоқ. - Тақырыптың негізгі аспектілері ашылған, бірақ қосымша мәліметтер ескерілмеген. Материал қарапайым және кейде қисынсыз берілген. Жауаптардың кейбірі ғана дұрыс. - Тақырып жартылай ашылған. Қателер мен дәлсіздіктер бар. Материал үстірт берілген, талдау жоқ. Презентация сенімсіз.
	C 2,0;(65-69%);	- Презентация формалды түрде орындалған. Мазмұны толық емес, елеулі қателер бар. Жауаптар үстірт және дәлелсіз. - Тақырып әлсіз ашылған, көптеген дәлсіздіктер бар. Презентация құрылымсыз және түсініксіз. Жауаптар сенімсіз және толық емес. - Презентация ұқыпсыз дайындалған. Мазмұны бөлшектелген, логикалық

	C-(1,67;60-64%); D+(1,33; 55-59%) D (1,0;50-54%).	қателер бар. Жауаптардың кейбірі дұрыс емес. - Презентация қарапайым деңгейде, тақырып толық ашылмаған. Материалда талдау және көрнекілік жоқ. Жауаптар сенімсіз немесе мүлде жоқ.
	FX(0.5; 25-49)	Презентацияда өрескел қателер бар. Тақырып ашылмаған. Жауаптар жоқ немесе қате.
	F(0;0-24)	Презентация жоқ немесе талаптарға сай емес. Материал меңгерілмеген. Тақырыпты түсіну мен дәлелдеме мүлдем жоқ.
Тест тапсырмаларын дайындау	A (4,0;95-100%)	Білім алушы оқу мақсаттарына сай, жоғары деңгейдегі, логикалық тұрғыдан дұрыс және қатесіз тест сұрақтарын құрастырған. Сұрақтар білімнің әртүрлі деңгейлерін (түсіну, талдау, қолдану) бағалайды. Рәсімдеу ұқыпты және кәсіби түрде орындалған.
	A-(3,67; 90-94%)	Тест сұрақтары сауатты дайындалған, оқу мақсаттарына сай келеді. Тек ұсақ қателіктер немесе тұжырымдауда/рәсімдеуде аздаған кемшіліктер бар. Білім деңгейлерінің әртүрлілігі сақталған.
	B+ (3,33;85-89%); B (3,0 ;80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33;70-74%).	- Тест сұрақтары жақсы дайындалған, негізгі тақырыптарды қамтиды. Бірақ кейбір сұрақтардың тұжырымдары нақтылауды қажет етеді немесе мақсатты құзыреттерді толық бағаламайды. - Тест сұрақтары қанағаттанарлық деңгейде жасалған. Көпшілігі дұрыс, бірақ кейбір дәлсіздіктер, қайталанулар немесе бір деңгейдегі қиындықтар кездеседі. - Жұмыс негізінен дұрыс орындалған, бірақ сұрақ тұжырымында бірнеше маңызды қателіктер бар немесе оқу мақсаттарына сәйкес келмейтін тұстары байқалады. - Тест сұрақтары оқу мақсаттарына жартылай сәйкес келеді; логикалық немесе тілдік қателіктер бар, құрылымы айқын емес, қиындық деңгейі теңгерілмеген.
	C 2,0;(65-69%); C-(1,67;60-64%); D+(1,33; 55-59%) D (1,0;50-54%).	- Тест сұрақтарының басым бөлігі үстірт дайындалған, тұжырымдауда қателер бар немесе оқу мақсаттарын толық қамтымайды. - Тест сұрақтарында көптеген қателер бар, танымдық маңызы төмен, тақырып пен курс мазмұнына сай емес. - Жұмыста айтарлықтай қателер бар, бірақ тапсырманың мәнін түсінген және білімін қолдануға тырысқан. - Жұмыста көптеген қателер бар, тест сұрақтары талаптарға және оқу мақсаттарына сай емес.
	FX(0.5;25-49)	Жұмыс аяқталмаған немесе формалды түрде орындалған. Минималды деңгейге жету үшін елеулі түзетулер қажет.
	F(0;0-24)	Тапсырма орындалмаған, оқу мақсаттары түсінілмеген, тест сұрақтары тақырыпқа сай емес.
Аралық аттестаттау (100% балдық жүйемен)		
Тестілеу/ Жағдайлық	A (4,0;95-100%)	Білім алушы оқу материалын терең меңгерген, барлық тест және жағдайлық есептерді дұрыс орындаған. Жауаптары логикалық, негізделген және аналитикалық, клиникалық ойлау қабілетін көрсетеді.

есептерді шешу	A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы оқу материалын жақсы меңгерген, тек аздаған дәлсіздіктер жіберген. Тапсырмаларды жақсы түсініп, жоғары деңгейдегі ойлау қабілетін көрсетті.
	B+ (3,33;85-89%); B (3,0 ;80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33;70-74%).	- Білім деңгейі жақсы, жауаптардың басым бөлігі дұрыс. Жағдайлық есептерде аздаған қателер мен түсінбеушіліктер бар. - Материалды қанағаттанарлық деңгейде меңгерген. Негізгі ұғымдарды біледі, бірақ кейбір қателіктер немесе үстірт түсіндірулер кездеседі. - Білім деңгейі қанағаттанарлық, бірақ толық емес. Кейбір сұрақтардың мазмұны толық түсінілмеген, жауаптарда дәлсіздіктер бар. - Білім алушы материалды жартылай меңгерген. Тест және жағдайлық есептерде бірнеше қателер бар, ой қорыту үстірт.
	C 2,0;(65-69%); C-(1,67;60-64%); D+(1,33;55-59%) D (1,0;50-54%).	- Материалды ең төменгі деңгейде меңгерген. Көптеген қателер бар, жағдайлық есептерде талдау қиындық тудырады. - Көптеген жауаптар қате немесе толық емес. Логикалық ойлау және білімді тәжірибеде қолдану қиындық туғызады. - Нәтижелер төмен, бірақ білім алушы тақырыпты ішінара түсінеді және өз білімін жетілдіруге әлеуеті бар. - Көптеген жауаптар қате. Негізгі мазмұн түсінілмеген, өрескел қателер жіберілген.
	FX(0.5;25-49)	Тест немесе тапсырмаларды орындау толық емес. Минималды деңгейге жету үшін елеулі түзетулер қажет.
	F(0;0-24)	Білім алушы тестілеуден өте алмады, материалды түсінбеген және логикалық ойлау байқалмайды.

Білімді бағалаудың көп балдық жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдардың сандық баламасы	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

11. Оқу ресурстары

Электрондық ресурстар, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: дерекқорлар, анимациялар, симуляторлар, кәсіби блогтар, вебсайттар, басқа да электрондық анықтамалық материалдар (мысалы, бейне, аудио, дайджестер)

- Электронная библиотека ЮКМА - https://e-lib.skma.edu.kz/genres
- Республиканская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – http://rmebrk.kz/
- Цифровая библиотека «Aknurpress» - https://www.aknurpress.kz/
- Электронная библиотека «Эпиграф» - http://www.elib.kz/
- Эпиграф - портал мультимедийных учебников https://mbook.kz/ru/index/

- ЭБС IPR SMART https://www.iprbookshop.ru/auth
- информационно-правовая система «Заң» - https://zan.kz/ru
- Medline Ultimate EBSCO
- eBook Medical Collection EBSCO

Scopus - https://www.scopus.com/

Электрондық оқулықтар	Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова. - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон. текстовые дан. (43,1Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM). - Медик В. А. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс]:учебник / В. А. Медик., В. К. Юрьев. - Электрон. текстовые дан. (47,6 МБ). - М. : Издательская группа "ГЭОТАР- Медиа", 2013. - 608 с. эл. опт. диск (CD-ROM) Обязательное медицинское страхование : учебное пособие / Е. В. Градобоев, О. В. Стрельцова, Ю. В. Кажарская. — Москва : Ай Пи Ар Медиа, 2024. — 67 с./ https://www.iprbookshop.ru/138301 Медицинское право : учебник / С. В. Агиевец, Г. А. Василевич, А. Г. Авдей [и др.] ; под редакцией С. В. Агиевец, Г. А. Василевича. — : Вышэйшая школа, 2022. — 336 с. / https://www.iprbookshop.ru/129934 Мұхамбеков М.М.Денсаулық сақтаудағы менеджмент: Оқу құралы / М.М. Мұхамбеков -Алматы: «Эверо» баспасы, 2020 ж. - 348 бет. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/626/ Бәлешов М.Ә.Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау: оқулық /М.Ә. Бәлешов.- Алматы: Эверо, 2020. - 244 бет. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/674/ Токкулиева Б.Б.Денсаулық сақтаудағы экономика және қаржыландыру негіздері.Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2020. – 192 бет. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/453/ Касымова Б.Т.Денсаулық сақтау экономикасы – Оқу құралы/Б.Т.Касымова,Қ.М. Сисенгалиева, Л.К. Магзумова. – Алматы; Эверо, 2020. –260 бет. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/849/ Менеджмент в здравоохранении: учебное пособие (2-ое издание). К.Ш. Сыздыкова, Ж.С. Тулебаев, А.Р. Рыскулова. Алматы: ИП «АҚНҰР», 2019. - 236 с. https://aknurpress.kz/reader/web/1365 Медициналық құқық. Қошқарбаев Е.Е. , 2014//. https://aknurpress.kz/reader/web/1512 David Sau-yan Wong. Legal Issues for the Medical Practitioner. Hong Kong : Hong Kong University Press. 2011 // eBook Collection EBSCO Deborah Bowman, John Spicer, Rehana Iqbal. Informed Consent : A Primer for Clinical Practice. Cambridge, UK : Cambridge University Press. 2012 // eBook Collection EBSCO Laura Weiss Roberts, Gabriel Termuehlen. Professionalism and Ethics : Q & A Self-Study Guide for Mental Health Professionals. Ed.: Second edition. Washington, DC : American Psychiatric Association Publishing. 2022 // eBook Collection EBSCO
Әдебиет	**Негізгі әдебиеттер:** CSHI and medical law : lecture complex / head of work G. ZH. Sarsenbayeva. - Shymkent : ЮКМА, 2024. - 24 с. ОСМС и медицинское право : лекционный комплекс / рук. работы Г. Ж. Сарсенбаева. - Шымкент : ЮКМА, 2024. - 24 с. МӘМС және медициналық құқық : дәріс кешені / жұмыс басшысы Г. Ж. Сарсенбаева. - Шымкент : ОҚМА, 2024. - 24 с. Medical law : textbook / Zh. U. Tlembaeva [et. al.]; ed. J. U. Tlembaena. - Astana : Medet Group , 2024. - 196 p. Медицинское право : учебник / Ж. У. Тлембаева [и др.] ; ред. Ж. У. Тлембаева. - Астана : Medet Group , 2023. - 218 с. Медициналық құқық : оқулық / Ж. У. Тлембаева [және т.б.]. - Астана, 2023. - 214 б. Қазақбаева Ж. Р. Құқық негіздері : оқу құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Караганды : АҚНҰР, 2019. - 204 б.

Қошқарбаев, Е. Қ. Медициналық құқық : оқу құралы / Е. Қ. Қошқарбаев - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 306 бет.
Семёнов, В. Ю. Экономика здравоохранения: учебное пособие / В. Ю. Семёнов. - 2-е изд., перераб. ; Рек. Учебно-методич. объед. По мед. и фармацев. образ. вузов России. - М. : МИА, 2014. - 1000 с.
Медик, В. А. Общественное здоровье и здравоохранение: учебник / В. А. Медик, В. К. Юрьев. - 2-е изд., испр. и доп. ; Рек. ГОУ ВПО "Моск. мед. акад. им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 608 с.
Альжанова, А. Н. Основы права : учеб. пособие / А. Н. Альжанова, К. К. Райханова. - ; Рек. Ученым советом и Науч.-метод. советом КарГМУ. - Алматы : Эверо, 2014. - 134 с

Қосымша:

Ертаев М. А. Социология : учебное пособие / М. А. Ертаев, С.М. Таскымбаева . - Қарағанда : Medet Group , 2022. - 384 с.
Ертаев М. А. Әлеуметтану : оқу құралы / М. А. Ертаев, С. М. Тасқымбаева, Ф. М. Қаратаева. - Қарағанды : ЖШС "Medet Group", 2022. - 330 б.
Дәрігер мамандығына кіріспе. Клиника,құқық, этика және коммуникация негіздері : оқулық / М.А. Асимов [және т.б.]. - 2-ші бас. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 232 бет.
Введение в профессию врача. Основы клиники, права, этики и коммуникации : учебник / М. А. Асимов, Г. О. Оразбакова . - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 244
Жанысбеков М. А., Абдурахманов Н.А. Еркинбекова А. С. Основы антикоррупционной культуры: учебно-методическое пособие. - Караганда : АҚНҰР, 2016. - 198 с

12. Пән саясаты

1.Оқу үдерісіне белсенді қатысу.
2.Белсенділік болмаған жағдайда және тапсырмаларды орындамаған жағдайда айып шаралары қолданылады және тәжірибелік сабақтың балы төмендейді.
3.Алдағы дәрістің тақырыбы туралы алдын-ала түсінік алу, дәрісте кері байланысқа дайын болу.
4.Командада жұмыс істей білу.
5.Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына және оқу-әдістемелік үрдісті жетілдіру бойынша кафедраның іс-шараларына белсенді қатысу.
6.Аудиторияда техника қауіпсіздігін сақтау.
7.Аралық бақылауды белгіленген уақытта тапсыру.
8.Білім алушылардың білімін аралық бақылау бір академиялық кезең ішінде кемінде екі рет теориялық оқытудың 6/12 күндерінде өткізіліп, қорытындысы оқу үлгерім журналына және электронды журналға дәрістерді жібергені үшін айыпбалын есепке ала отырып қойылады (жіберген дәріс сабағы үшін айып балы аралық бақылау бағасынан алынады).
1 дәрісті жібергені үшін айыпбалы 1,0.
Аралық бақылауға себепсіз келмеген білім алушы пән бойынша емтихан тапсыруға жіберілмейді.
Аралық бақылау қорытындысы деканатқа бақылау аптасының соңына дейін баянат түрінде беріледі.
9. БӨЖ-ді кестеде көрсетілген мерзімде міндетті түрде тапсыру, жазбаша жұмыстардың барлық түрлері плагиатқа тексеріледі.
10.БӨЖ - де көрсетілген тапсырмалардың бірнеше түрінен білім алушылар бір түрін таңдайды.
11.БӨЖ бағасы ОБӨЖ сабақтарының кестесіне сәйкес оқу үлгерімі журналына және электрондық журналға БӨЖ сабақтарына келмегені үшін айып балдарын есепке ала отырып қойылады (ОБӨЖ сабақтарына келмегені үшін айып балдары БӨЖ бағасынан алынады).
1 ОБӨЖ сабағына келмегені үшін айыпбалы 2,0 баллды құрайды.
12.Емтиханға жіберу рейтингі тәжірибелік сабақтың, БӨЖ, аралық бақылаудың орташа балдарынан құралады. Емтиханға жіберу рейтингісін есептеу мысалы: ЖРБ (жіберу рентингін

бағалау) = 80 + 90 + 95= 88,3; мұндағы 80-тәжірибелік сабақтардың орташа бағасы; 90-аралық бақылаудың орташа бағасы; 95-БӨЖ орташа бағасы.
13.Білім алушы бақылаудың бір түрінен (ағымдық бақылау, №1 және/немесе №2 аралық бақылау) өтпелі балды жинамаса (50%) , пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

13.	Академияның моральдық және этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат
1	**Миссия** Бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау саласында танылған көшбасшы болу!
	Білім алушы ар-намыс кодексі: 1. Білім алушы Қазақстан Республикасының лайықты азаматы, өзі таңдаған мамандығының кәсіби маманы болуға, шығармашыл тұлғаның ең жақсы қасиеттерін дамытуға ұмтылады. 2. Білім алушы үлкендерге құрметпен қарайды, басқаларға дөрекілікке жол бермейді және әлеуметтік осал адамдарға жанашырлық танытып, мүмкіндігінше қамқорлық жасайды. 3. Білім алушы әдептілік, мәдениеттілік және имандылық үлгісі болып табылады, азғындық көріністеріне төзбейді, жынысына, ұлтына, дініне қарай кемсітуге жол бермейді. 4. Білім алушы салауатты өмір салтын ұстанып, жаман әдеттерден толықтай бас тартады. 5. Білім алушы университеттің дәстүрін құрметтейді, оның мүлкіне қамқорлық жасайды, білім алушы жатақханадағы тазалық пен тәртіпті қадағалайды. 6. Білім алушы шығармашылық белсенділікті дамытуға (ғылыми, білім беру, спорттық, өнер және т.б.) және корпоративтік мәдениет пен университеттің имиджін көтеруге бағытталған қажетті және пайдалы іс-әрекеттерді таниды. 7. Қабырғалардың сыртында білім алушы өзінің жоғары мектептің өкілі екенін үнемі есте сақтайды және оның ар-намысы мен абыройына нұқсан келтірмеуге бар күш-жігерін салады. 8. Білім алушы академиялық арамдықтың барлық түрлерімен күресуді өзінің міндеті деп санайды, соның ішінде: алаяқтық және білімді бақылау процедураларынан өту кезінде басқалардың көмегіне жүгіну; кез келген көлемдегі дайын оқу материалдарын (рефераттар, курстық жұмыстар, бақылау жұмыстары, дипломдық және басқа жұмыстар), оның ішінде интернет-ресурстарды өз жұмысының нәтижесі ретінде ұсыну; Плагиатқа қарсы жүйені айналып өту; жоғары баға алу үшін отбасы немесе жұмыс байланыстарын пайдалану; сабаққа себепсіз келмеу, кешігу және сабаққа келмеу. Тіркеуші кеңсесі АР 044/101-2022 Ed. №4 14 бет 67 «ОҚМА» АҚ академиялық саясаты 9. Білім алушы аталған академиялық адалдықтың барлық түрлерін Қазақстанның болашақ экономикалық, саяси және басқарушылық элитасына лайықты сапалы және бәсекеге қабілетті білім алумен үйлеспейді деп санайды.
	Білім беру жүйесіндегі орны Халықаралық сапа және қауіпсіздік стандарттарына сай мамандарды даярлауға бағытталған құзыреттілік тәсілдеріне және практикалық денсаулық сақтау мен фармацевтикалық өндірістердің қажеттіліктеріне негізделген медициналық және фармацевтикалық білім берудің тиімді жүйесі ОҚМА АҚ өз миссиясын жүзеге асыруға негізделген **негізгі этикалық қағидалар:** **ОҚМА АҚ ПОҚ жоғары кәсібилігі қағидасы** – бұл дайындықтың барлық деңгейіндегі білім алушыларға сапалы білім беру қызметін ұсынатын ПОҚ-ның өз білімдері мен дағдыларын үнемі жетілдіруі. **ОҚМА АҚ-дағы сапа қағидасы** - қазақстандық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасын жүзеге асыру болып табылады, оның басты бағыты жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті және перспективті сұранысына сәйкес білім беруде қазіргі заманауи сапамен қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар мен ғылым мен тәжірибедегі жаңа жетістіктерді оқу процесінде, ғылыми-зерттеу қызметтерінде және кеңес беру-диагностикалық жұмыстарда қолдануды қамтамасыз ету болып табылады. **Оқу бағдарлау қағидасы** - білім беру бағдарламаларының икемді траекториялары бойынша білім алушы орталықтанырылған оқу процесін іске асыру, еңбек нарығында

	тез өзгеріп отыратын экономикалық жағдайлар мен қазіргі заманғы үрдістерді ескере отырып, білім алушыларға олардың кәсіби өсуі үшін барынша тиімді жағдайлар жасау, мотивацияны дамыту және білім беру нәтижелерін бақылау, білім беру бағдарламаларын үздіксіз жаңарту, тиімді кәсіби қызметі үшін қажетті білімі мен біліктілік шеңберін кеңейту.
2	ОҚМА ның академиялық политикасы П. 4 Білім алушы ар-намыс кодексі http://surl.li/eroik
3	Пән бойынша баға қою саясаты Білім алушының курс аяқталғаннан кейінгі **қорытынды бағасы (ҚБ)рұқсат беру рейтингісінің (РБР)** бағасы мен **қорытынды бақылау бағасының (ҚББ)**қосындысынан тұрады және балдықрейтингтік әріптік жүйеге сәйкес қойылады. ҚБ = РБР + ҚББ **Рұқсат беру рейтингісін бағалау (РБР**) 60 балға немесе 60% - ға тең және мыналарды қамтиды: **Ағымдағы бағалау (АБ)** және **аралық бақылауды бағалау (АББ).** **Ағымдағы бағалау (АБ**) практикалық сабақтар мен БӨЖ сабақтарының орташасын бағалауды білдіреді. **Аралық бақылауды бағалау (АББ)** екі аралық бақылаудың (АББ) орташа бағасын білдіреді. Рұқсат беру рейтингісінің бағасы (60 балл) мына формула бойынша есептеледі: РБРорт * 0,2 + АББорт* 0,4 **Қорытынды бақылау (ҚБ)** тестілеу нысанында Өткізіледі және білім алушы 40 балл немесе жалпы бағаның 40% - ын ала алады. Тестілеу кезінде білім алушыға 50 сұрақ ұсынылады. Қорытынды бақылауды есептеу мынадай түрде жүргізіледі: егер білім алушы 50 сұрақтың 45-іне дұрыс жауап берсе, бұл 90% құрайды. 90 х 0,4 = 36 балл. **Қорытынды баға**, егер білім алушының жіберу рейтингісі бойынша (ЖР) =30 балл немесе 30% және одан жоғары, сондай-ақ қорытынды бақылау бойынша (ҚБ)=20 балл немесе 20% және одан жоғары оң бағалары болған жағдайда есептеледі. **Қорытынды баға (100 балл)** = РБР орт* 0,2 + МББ орт* 0,4 +ҚБ* 0,4 бақылау түрлерінің бірі (АББ1, АББ2, АББорт) үшін **қанағаттанарлықсыз** баға алған білім алушы емтиханға жіберілмейді. Айыппұл балдары ағымдағы бақылаудың орташа бағасынан алынады

14 Бекіту және қайта қарау

КАО келісілген күні	Хаттама	КАО басшысы	Қолы
«25» 06 2025 ж	№ 7	Дарбичева Р.И.	
Кафедрада бекітілген күні	Хаттама	«ӘМС және ҚД» каф. меңгерушісі	Қолы
«26» 06 2025 ж	№ 16	Сарсенбаева Г.Ж.	
«Стоматология» ББ АК мақұлданған күні	Хаттама	«Стоматология» ББ АК төрайымы	Қолы
«30» 06 2025 ж	№ 6	Кенбаева Л.О.	
Қайта қарау күні	Хаттама	«ӘМС және ҚД» каф. меңгерушісі	Қолы
«___» ____ 202__ ж	№ __	Сарсенбаева Г.Ж.	
«Стоматология» ББ АК қайта қарау күні	Хаттама	«Стоматология» ББ АК төрайымы	Қолы
«___» ____ 202__ ж	№ __	Кенбаева Л.О.	